

«Қаралды» _____

Пед кеңесте №1

«18» 08 2021 жыл

«Бекітемін» _____

Қыналы НОББМ директоры

Ж.К. Қалиева *



«Келісілді» _____

Аудандық білім бөлімінің
басшысы Б.Д. Сейілханов

07.09.2021 ж



Тақырыбы:
« Өнерлі он саусақ »
(вариативтік компоненті)

Сыныбы: МАД

Орындады: Куптлеуова Л.А

Ә/Б отырысында қаралды: Мал Ж.С. Жапакова
(Ә/Б жетекшісі)

№ 1 хатғамас 27 күні 08 айы 2021 ж

Тексерілді: Жолдас Ж.Ә. Жолдасова
(Оқу ісінің менгерушісі)

Түсіндірме жазба

Шығармашылық бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері - шығармашылық нәтижесі. Баланың ең алғаш танысатын шығармашылығы бейнелеу өнері. Бала балғын шағынан бастап қарындаш пен бояуға қызығып, өзі көрген әдемі бейнелерге талпынады. Балалар да үлкендер сияқты тапсырма мен сурет салғанды ұната бермейді. Олардың қарапайым сызбаларының өзінде ертегідей ұшқыр қиял, тапқыр шешімдер кездеседі. Олар өздерінің ата анасын немесе жақсы көретін адамдарын мультфильмдегі жағымды кейіпкерлер сияқты, керісінше ұнатпайтын адамдарын жағымсыз кейіпкерлердің бейнесінде салғанды ұнатады. Бір қарағанда балалар салған суреттер қарапайым көрінеді. Әйтсе де онда терең ой –жұмбақ бар. Біз дүниеге бала туындысын өз тәжірибесінен өткізіп, сезінбесе түсінбейді. Ал түсінбесе ол ойын жүзеге асыра алмайды.

Бейнелеу сабақтарында балалардың барлығын суретші етіп шығару мақсат етілмейді. Ол баланың еркіндік, шығармашылық, өз бетімен жұмыс жасау, қиялдау, ойлау қабілетінің табиғи берілген қасиеттерін арттыру үшін жүргізіледі.

Балалардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыруда, бейнелерге қызықты да, әдеттен тыс сипат беруді үйретуде бейнелеудің дәстүрден тыс әдістерін енгізеді.

«Өнерлі он саусақ» бағдарламасында «Шығармашылық» білім саласының дәстүрден тыс бейнелеу әдістерін қалыптастыру, көркем шығармалар баланың шынайы болмысты нақты әрекетімен сөздік қорын молайтып, тілін байытады, көркем өнерге қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына мүмкіндік береді.

«Өнерлі он саусақ» бағдарламасының жалпы сипаттамасы

Мақсаты:Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып, тәрбиелеудің бейнелеу өнері арқылы балалардың дарындылық өабілеттерін, көркемдік шығармашылығын дамыту.

Міндеті: Мемілекеттік стандарт талабына сай білім беру. Бейнелеудің дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып, шығармашылық қабілеттерін ашылуына мүмкіндік беру. Балалардың көркемдік шығармашылығын дамыта отырып , әр баланың психологиялық ерекшеліктерін танып білу.

Күтілетін нәтиже: Балалардың шығармашылық қиялы дамиды, этика және эстетика, рухани сезімдері, көркемдік талғамын қалыптастырады. Айналадағы қоршаған ортаны таниды, баланың ішкі дүниесі үйлесімдін табады.

Мазмұндық бөлім

Бояулармен танысамыз

Күзгі бақ

Суретке арналған жақтауша

Қоңыр күз

Ұлпа қар

Қала көшесі

Жол белгілері

Түнгі аспан

Мерекелік гүл шоғы

Мысығым

Қанатты тұлпар

Көңілді көктем

Төрт түлігім тынысым

Өнерлі он саусақ

Бояулармен танысамыз. Балаларды суретші құралдарымен таныстыру. Түстермен таныстыра отырып негізгі түстен туынды түсті алу жолдарын үйрету.

Күзгі бақ. Қағазды сулау әдісі арқылы күз бояулары туралы ұғымдарын бекіту. Губканың көмегімен салуды, күзгі ағаштың әдемі көрінуінен бере білімді үйрету.

Суретке арналған жақтауша. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылығын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.

Қоңыр күз. Балалардың бақылай білу машығын дамыту. Эстетикалық талғамын жұмысқа шығармашылық ыңғайынан жетілдіру.

Ұлпа қар. Қысқы табиғаттың әсем көрінісін бере білуді үйрету. Щетканың көмегімен сурет салу дағдысын орнықтыру.

Қала көшесі. Әр түрлі материалдарды шығармашылықпен пайдалана білуге үйрету туған қаласына құрмет сезімдерін ояту.

Жол белгілері. Балаларды құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.

Түнгі аспан. Балалардың бақылай білу машығын дамыту. Эстетикалық талғамын жұмысқа шығармашылық ыңғайынан жетілдіру.

Мерекелік гүл шоғы. Қозғалыстың дәлдігін қағаз бетіне бағдарлай білуін дамыту.

Пайдалануға жарамсыз материалдарды гүлсауыт жасауға желімнің көмегімен біріктіруге үйрету.

Мысығым. Балаларды шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қанатты тұлпар. Қағазды жырту арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.

Көңілді көктем. Бояу жағу арқылы қызғалдақтар салуды үйрену. Дайын үлгілерді ұқыпты таза жапсыруға үйрету.

Төрт түлігім ырысым. Құмға сурет салу арқылы саусақ бұлшық еттерін дамыту.

Өнерлі он саусақ. Жыл бойы жасаған еңбектерінен көрме ұйымдастыру.

Нормативтік бөлім
 Барлығы: 32сағат
 Аптасына: 1 сағат

Р\ с	Міндеттері	Уақыты
1	Кіріспе . Суретшінің құрал жабдықтары. Бояулармен танысамыз.	
2	Он саусақ (балауыз бормен жұмыс)	
3	Көгалдағы бақ бақ	
4	Аквариумдағы балықтар(жапырақпен жұмыс)	
5	Күзгі бақ	
6	Тапқышбек	
7	Түймедақ	
8	Көкөніс түрлері(коллаж, ұжымдық жұмыс)	
9	Егіс алқабы	
10	Суретке арналған жақтауша(қағаз және табиғи материалдар)	
11	Қоңыр күз	
12	Қонжық	
13	Ақ қоян	
14	Ұлпа қар	
15	Сәнді шырша	
16	Шырша ойыншықтары	
17	Аяз ата (сулы қағазбен жұмыс)	
18	Қардағы із	
19	Қардан қамал тұрғызу	
20	Қысқы орман(тіс пастасымен жұмыс)	
21	Түлкі	
22	Қала көшесі	
23	Жол белгілері)	
24	Түнгі аспан	
25	Мерекелік гул шоғы	
26	Әдемі гүлсауыт	
27	Мысығым	
28	Қанатты тұлпар	
29	Көңілді көктем	
30	Ағаштар бүр жарады	
31	Төрт түлігім ырысым	
32	Өнерлі он саусақ (көрме)	

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

«Өнерлі он саусақ»бағдарламасы бойынша қызықты ойындар мен түрлі суреттер салып, жабыстырып түрлі тапсырмаларды орындауда сурет салу, жапсыру пәніне деген қызығушылықтарын арттыру. Тәрбиеленушінің өз бетімен жұмыс жасауы, шығармашылығын ұйымдастыру. Денгейлік тапсырмалар бойынша жұмыс жасау. Өзіндік жұмыс, топпен жұмыс , ұжымдық жұмыстарын марапаттау.

Тәрбиеленушілердің меңгеруге тиіс білімдері мен дағдылары.

- Балалар өз бетімен жұмыс жасай білуі:
- Топпен жұмыс жасай білуі:

Тақырыптық бақылау: Оқу бағдарламасындағы тақырыптар бойынша өткізіледі. Сабақтың тақырыбы және әрбір кезеңдер негізінде тәрбиеленушілердің іскерлік дағдыларын жан – жақты жүзеге асыру.

Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:

1. Балалады тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы. Астана2009ж
- 2.Шығармашылық дарындықты дамыту бағдарламасы
- 3.Игрушки из бумаги. С. Афонькин Е. Афонькина
4. Қағазбен жұмыс жасау. Ф.Жумабекова
5. М. Сәтімбекова , Ә.Өмірова, Ж. Сердалиева « Сәбилердің сезімін тәрбиелеу».

Балаларға арналған әдебиеттер:

1. Интернет материалдары. Яндекс
2. Мектепалды даярлық журналы.
3. Технология журналы
4. Мектептегі өнер
- 5.Технология әдістемелік құралы

